# Мұнайлы өлке

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

www.mmg.kz

“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамының газеті

№12 (75), желтоқсан, 2015 жыл





## Қадірлі мұнайшылар!

*Санаулы күндерден кейін жаңа 2016 жылға, тәуелсіз қазақ мемлекеттігі жылнамасының 25 жылдығына аяқ басқалы тұрмыз! Ескі жыл есіркеп, жаңа жыл жарылқағай!*

*«Бүгінгі күн - ертеңгі тарих» демекші, 2015 жыл да қас-қағым сәттей боп, зырғып өте шықты. Қызығы да, шыжығы да кемде болмады. Әлемді билеген дағдарыс, шикізат нарығының құлдырауы, алпауыт мемлекеттер арасындағы теке тірес ел экономикасына ызғарын тигізбей қоймады. Әйтсе де, халқымызға тән еңбекқорлық пен сабырлылықтың, Елбасының салиқалы саясаты мен даналығының арқасында айдан аман, жылдан есен келеміз. Аспанымыз ашық, жұртымыз тыныш, еліміз аман! Басты жетістік сол емес пе?!*

*«2015 жыл несімен есте қалады?» деген сұраққа жауап - тұтас ел үшін ол үлкен мерекелер мен маңызды оқиғалар тоғысқан кезең болды. Жыл басын қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық татулықтың символына айналып, халықаралық деңгейде үлкен қызығушылыққа ие болып отырған Қазақстан Халықтары Ассамблеясының 20 жылдығына арналған шаралармен бастасақ, сәуір айында Қазақстан халқы өмірлік маңызы бар шешім жасап, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа бір ауыздан сенім білдіргенінің куәсі болдық. Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай бүгінгі бейбіт өмірдің жолында құрбан болған қандастарымыз бен жерлестеріміздің рухы мен жанкешті ерлігіне тағзым етіп, көзі тірі ата-әжелеріміздің батырлығын жырладық, ұлығыладық. Қазақстан Республикасының басты Заңы – Конституцияның 20 жылдығын, ең ұлысы - қазақ халқының мерейін арттырған, мемлекет ретінде бес ғасырдан астам тарихы бар іргелі ел, қабырғалы халық, текті ұлт екеніміздің айшығы болған Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойын жоғары деңгейде атап өттік.*

*Биылғы жыл «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы үшін табысты жыл болды. Мұнай өндіру көлемін ұлғайту мақсатында өндіріске жаңа технологиялар кеңінен қолданылуда. Қаламқас кен орнында жер қабатына полимер айдау әдісінің жаңа технологиясы енгізілді. Ұңғыларды күрделі жөндеуден өткізу барысында ұңғыларға қосымша кіші диаметрлі бағандар орнату әдісін қолдана бастадық. Қызметкерлердің ойлап шығарған мұнай жылыту пештерінің иректүтіктерін жөндеу-ауыстыру жұмыстарын жеңілдететін инновациялық құрылғының сынағы оң нәтиже көрсетіп, қолданысқа енді. Жаңа өндірістік-әлеуметтік нысандар ашу, қолданыстағыларын жөндеуден өткізу арқылы қызметкерлердің еңбек және тұрмыс жағдайын жақсарттық. Өз кезегінде, осының бәрі, сіздердің – қарапайым мұнайшылардың ұтымды ұсыныстарымен, ұшқыр ойларымен, адал еңбегімен еселеніп, 2015 жылға бекітілген мұнай өндіру жоспарын мерзімінен бұрын орындап, жоспарланған 6 млн. 250 мың тоннаға қоса 23 мың тоннадан аса «қара алтынды» артығымен өндіруге жағдай туғызды. Демек, «Бұл жыл, біз үшін, табысты болды!» деп нық сеніммен айтуға болады, ал келер жыл бұдан да жарқын болады деп сеніммен үміт артамыз!*

*Құрметті мұнайшылар, баршаңызды 2016 - Жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймыз! Айдан аман, жылдан есен болып, еңбегіңіздің зейнетін көрулеріңізге тілектеспіз! Ынтымағымыз жарасқан, бейбіт күннің тыныштығындағы бақытты өмір тілейміз. Әр мұнайшының отбасында ырыс-несібе мол болсын!*

**«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Басқармасы,**

**Бас директор** **Б.Иманбаев**

**Бас директордың бірінші орынбасары** **Сунь Синъюнь**

# НАЗНАЧЕН НОВЫЙ ПРЕДСЕДАТЕЛЬ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ



**25 ноября текущего года новым председателем Совета директоров Акционерного Общества «Мангистаумунайгаз» был избран – Бянь Дэчжи. Об этом было объявлено на заседании Совета директоров состоявшемся в Алматы. Бянь Дэчжи будет возглавлять Совет директоров АО «Мангистаумунайгаз» в течение ближайших трех лет до 25 ноября 2018 года.**

Бянь Дэчжи родился в 1964 году. Окончил Восточно-китайский нефтяной институт по специальности «геологоразведка», в 2006 году успешно окончил Китайскую академию разведки и разработки нефти и газа, получил степень кандидата технологических наук. Инженер высшей категории.

Трудовую деятельность начал в 1984 году в Синьцзянском нефтяном управлении CNPC, занимался разработкой нефтегазовых месторождений, работал в управлении производственного контроля, возглавлял лабораторию в НИИ разработки и эксплуатации месторождений.

С 1997 по 2003 годы работал в совместных нефтегазовых проектах Казахстана и КНР (исполнительный директор и заместитель генерального директора CNPC International (Казахстан), заместитель генерального директора CNPC Актобемунайгаз).

С 2003 по 2010 годы занимался исследовательской работой в нефтегазовой сфере за рубежом, по совместительству генеральный директор компаний ООО «Resset» (Пекин).

С 2010 по 2014 годы – председатель Совета директоров компании CNPC International Research Center; заместитель генерального директора CNODC.

С 22.09.2014 по 25.11.2015 – член Совета директоров АО «Мангистаумунайгаз».

С 25.11.2015 – председатель Совета директоров Акционерного Общества «Мангистаумунайгаз».

# ЖЕТЫБАЙМУНАЙГАЗ – ЕСТЬ 6000 ТОНН В СУТКИ!

**Накануне Нового Года радостные вести поступают из производственного управления «Жетыбаймунайгаз». На днях на месторождении Асар введена в эксплуатацию новая групповая установка (ГУ). Благодаря ее пуску нефтяники ожидают существенного увеличения объемов добычи нефти.**



На сегодняшний день в Жетыбае функционирует 43 групповые установки. Новая установка стала 44-ой по счету, с ее помощью будут обслуживаться 18 скважин.

По словам начальника ЦДНГ №3 Сагиниша Тастыгараева, на новой групповой установке добывается 150 тонн нефти в сутки. Вся работа ГУ полностью автоматизирована, ее обслуживают всего два оператора.

- В этом году перед нами стояла задача добыть до 2 миллионов 94 тысяч 182 тонны нефти – говорит первый заместитель ПУ «Жетыбаймунайгаз» Бакзат Сансызбаев. – «Жетыбаймунайгаз» надеюсь перевыполнит этот план более чем на 16 тысяч тонн. Кроме того, ежесуточная добыча нефти в Жетыбае впервые за многие десятилетия превысила 6000 тонн! Последний раз такие показатели были еще во времена СССР. Это блестящий результат! Пользуясь случаем, хочу поздравить всех нефтяников с таким достижением. За этими цифрами стоит большой труд тысяч жетыбайских нефтяников.

И это не предел! Специалисты заверяют, что если все пойдет нормально, в следующем году и этот рекорд будет побит.



# «КАРАВАН МИЛОСЕРДИЯ» ДАРИТ ДОБРО



Қазақстан халқы Ассамблеясының

АЛҒЫС ХАТЫ

Құрметті ИМАНБАЕВ БАҚЫТ!

Қазақстанда қайырымдылықты дамытуға және қоғамымызда мейірімділік, гуманизм және әлеуметтік ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесіңіз үшін Сізге шынайы алғысымызды білдіреміз. Сізге денсаулық, отбасыңызға амандық, ізгілік жолындағы өрен еңбегіңізге толағай табыс тілейміз.

Выражаем благодарность за Ваш вклад в развитие благотворительности в Казахстане и утверждение в нашем обществе принципов милосердия, гуманизма и социальной солидарности.
Желаем Вам здоровья, благополучия и успехов в Вашем благородном деле.

Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары — Е. Тугжанов

Астана, 2015 жылғы қараша

**27 ноября в Астане прошла Общенациональная акция Ассамблеи народа Казахстана «Караван милосердия», посвященная Дню Первого Президента РК. Ее целью является развитие общественного согласия и дальнейшая консолидация казахстанского общества через преодоление социального расслоения общества посредством благотворительной помощи в адрес малообеспеченных слоев населения.**



**В рамках акции был организован Республиканский съезд благотворительных организаций, меценатов и доноров, в котором приняло участие и руководство акционерного общества «Мангистаумунайгаз».**

Благотворительный съезд «Караван милосердия» собрал в Астане меценатов со всего Казахстана. Предприниматели, руководители крупных компаний, бизнесмены – все эти люди безвозмездно помогли жителям Казахстана, которые особо нуждались во внимании и заботе. В течение всего года во всех уголках нашей страны проходили благотворительные акции, концерты, спортивные турниры и другие мероприятия. Эстафету добрых дел подхватила и наша компания: в честь 70-летия Победы в ВОВ ветеранам-фронтовикам и труженикам тыла была оказана помощь на сумму 12 миллионов тенге. Эта добрая акция не осталась незамеченной.

Организаторы мероприятия на торжественной церемонии награждения в Астане вручили Генеральному директору АО «Мангистаумунайгаз» Бакыту Иманбаеву благодарственное письмо, отметив большой вклад, который вносит компания в развитие благотворительности в Казахстане и утверждение в нашем обществе принципов милосердия, гуманизма и социальной солидарности.

# ЖҮЛДЕМЕН ЖЫЛЫНҒАН ӘРІПТЕСТЕР!



**7 желтоқсан күні «Абай» атындағы мәдени-демалыс кешенінде, Ақтау қаласы әкімдігінің қолдауымен «Ақтау қалалық жастар сыйлығы» байқауының жастар премиясын салтанатты түрде тапсыру рәсімі өтті.**

Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп отыратын байқау мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру, жастардың қоғам өміріне белсенді араласып, әр салада өз кәсіби шеберлігін көрсетіп жүрген жалынды жастарды ынталандыру мақсатын көздейді. 52 үміткер үміттенген сыйақыға 11 аталым бойынша жеңімпаз таңдалды. «Жас көшбасшы», «Жас мұнайшы», «Жас ақын», «Жас мұғалім», «Жас журналист», «Жас спортшы», «Жас ғалым», «Жас мемлекеттік қызметкер», «Жас әскери қызметкер» атақтарын мыңнан оза шауып, жүзден жүйрік шыққан жастар қанжығасына байлады. Аталған байқауда әріптесіміз Жұртшылықпен байланыс департаментінің бас маманы Ғани Әбдісадық "Жас көшбасшы" номинациясы бойынша үздік деп танылды. Бұдан өзге, "Қаламқасмұнайгаз" өндірістік басқармасының мұнай және газ өндіру цехының 3-дәрежелі операторы Ерболат Ещанов аудандық "Жас Қанат - 2015" жастар сыйлығының «Жас мұнайшы» аталымында жеңіске жетті. Бізде өз атымыздан мерейлі мереке қарсаңында биік тұғырдан табыла білген әріптестерімізді құттықтай отырып, еңбектеріне өрлеу тілейміз.



Салтанатты шара соңында Жеңімпаздарға дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталып, соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

**Жаннат Кемал**

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІ КҮНІНЕ АРНАЛДЫ

**2015 жылдың 14 желтоқсан күні «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні мерекесіне орай салтанаты жиналыс өтті.**



Жиынды «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының бас директоры Бақыт Алтайұлы Иманбаев ашып, ел егемендігінің тарихи маңызы, сондай-ақ ұлтымыздың басты мерекесі Тәуелсіздік күніне мұнайшылардың арнаған жетістіктері туралы баяндады, мұнай рыногындағы, әлемдегі күрделі жағдайларға байланысты қалыптасқан қиындықтарды бірлесе еңсеруге шақырып, «Елмен бірге ұжым болып, ай басталғалы екі бірдей – ұлттық және мемлекеттік мерекені атап отырмыз. Оның бірі – 1 желтоқсандағы Тұңғыш Президент күні болса, енді міне – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні! «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы басшылығы мен әріптестеріміз атынан баршаңызды 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күні мерекесімен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер!» деп, жиналған жұртшылыққа жылы лебізін білдірді.

Өз кезегінде, бас директордың бірінші орынбасарының міндетін атқарушы Юй Хунцзян мырза да Компания ұжымын меркемен құттықтап, жұмыстарына сәттілік, жанұяларына берекет тіледі.

Басқарма мүшелері өндірістің өркендеуіне қосқан үлестері үшін бір топ Компания қызметкерлерін ұлықтады. Компанияның 80-нен астам қызметкері «KAZENERGY» қауымдастығының, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының Басқармасы атынан марапаттарға ие болды.

Салтанатты жиында Маңғыстау мұнайын алғашқы игерушілер – Компания зейнеткерлері де назардан тыс қалмады. Бүгінде құрметті еңбек демалысында жүрген «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының бұрынғы I-дәрежелі инженер-технологы Алексей Никитич Лифаренко, «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының бұрынғы бастығы Өрен Сағындықов, «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының бұрынғы бас механигі Геннадий Жафарович Хайретдинов, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының бұрынғы бас геологы Тілектес Қойшыбайұлы Ізтілеуов, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының орталық инженерлік-технологиялық қызметінің бұрынғы ауысым бастығы Райма Қайырбеккызы Ғалиева, «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының материалдық жабдықтау қызметінің бұрынғы инженері Дыбыс Нұрымқызы Атшыбаева, «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының кәсіподақ комитетінің бұрынғы төрағасы Темір Өмірғалиұлы Назаралиевке Энергетика министрлігі тағайындалған «Еңбек ардагері» медалі және Қоғам басқармасы атынан естелік сыйлықтар тапсырылды.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің жергілікті кәсіби одағының бұрынғы төрағасы Санатбай Масатұлы Масатов «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының естелік белгісіне, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы кәсіподақ комитетінің төрағасы Тарғын Мысамбаев «Мұнай-газ кешенің дамытуға қосқан үлесі үшін» медаліне және «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің жергілікті кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі төрағасы Талғат Айдынов «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төс белгілеріне ие болды.

Жиын одан әрі «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің жергілікті кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі төрағасы Талғат Айдиновтың құттықтау сөзімен жалғасты. Жұмыс беруші тарап пен жұмысшылардың арасында дәнекер болып жүрген кәсіподақ ұйымының дайындаған марапатына жиырмадан астам белсенді қызметкер ие болып, олар кәсіподақ қызметі мен өндірістің өркендеуіне қосқан үлесі үшін ұсынылған алғыс хатқа қоса қаржылай сыйақы табысталды.

Тәуелсіздік мерекесіне арналған салтанатты шара Маңғыстаудың мақтанышы - Қазақстан Республикасы мәдениет қайраткері, жезтаңдай әнші Асанәлі Көшеров пен мұнайшы өнерпаздар, әріптестеріміз Әлімжан Бөлекбаев, Әсет Нұрсебепов, Айбек Жұрынбаевтардың әуезді әні мен қоңыр күймен көркемделсе, жас ақын Еділ Бекмұрат Тәуелсіздік тақырыбында жазған өлеңдерін оқып, жырдан маржан шашты.

# С НОВЫМ ГОДОМ, С НОВЫМ ДОМОМ!

**Новоселье на Новый год – хорошая примета! Семья Дыбысовых из села Шайыр Мангистауского района отметит праздник в новеньком, капитально отремонтированном доме. Чудеса на Новый Год случаются, хотя еще полгода назад в это трудно было поверить…**

- В июле 2015 года в акционерное общество «Мангистаумунайгаз» обратился аким Мангистауского района с просьбой помочь отремонтировать дом семье Дыбысовых, - рассказывает начальник производственно-технической службы ДАВиСР Майрамбай Епен. – Жилой дом, в





котором они проживали, был построен еще в 1968 году и за это время сильно обветшал: штукатурка внутренних и наружных стен полностью разрушилась, двери и оконные блоки пришли в негодность, крыша и инженерные сети нуждались в полной замене, отопление отсутствовало. Дыбысовы инвалиды с детства – оба глухонемые, воспитывают троих несовершеннолетних детей, к счастью вполне здоровых. Семья является малообеспеченной, работает только глава семейства. Как только мы узнали об этом, то сразу обратились к коллегам с просьбой оказать посильную материальную помощь, нас поддержало и Правление Общества. Руководство и работники АО «Мангистаумунайгаз» не остались равнодушными, и за короткие сроки была собрана сумма в размере 2 млн. 129 тыс. тенге. На эти деньги были закуплены необходимые стройматериалы, бытовая и кухонная мебель, кондиционер, газовая плита и др. И буквально за пару месяцев дом был капитально отремонтирован изнутри и снаружи, появилась новая кровля, проведено отопление, заменены двери и окна и многое другое. Большую помощь при проведении строительных работ оказали работники Департамента капитального строительства и Департамента административных вопросов и социального развития.

27 декабря поздравить Дыбысовых с новосельем в село Шайыр приехал Генеральный директор АО «Мангистаумунайгаз» Бакыт Иманбаев. От лица нефтяников он преподнес семье в качестве подарка большой ковер, пожелал тепла и уюта в новом доме. Бакыт Иманбаев отметил, что весь дружный коллектив компании, не раздумывая откликнулся на просьбу о помощи, и таким образом, каждый нефтяник вложил частичку своей души в строительство нового семейного очага. Поздравить новоселов приехали из Каламкаса сотрудники Службы безопасности АО «Мангистаумунайгаз», которые подарили Дыбысовым новый плазменный телевизор.

Родные и близкие Дыбысовых поблагодарили гостей за оказанную помощь, поздравили коллектив АО «Мангистаумунайгаз» с наступающим Новым Годом, пожелали новых трудовых успехов и исполнения всех желаний.

# ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА – ҚАЛАМҚАСТЫҚТАР!

22 желтоқсан күні Тәуелсіздік мерекесіне орай Қаламқас кен орнында қазақша күрестен сайыс өтті. Жарысқа бақ сынау үшін акционерлік қоғамның «Қаламқасмұнайгаз» бен «Жетібаймұнайгаз» өндірістік бірлестіктерінің құрылымдық бөлімшелеріне мұнайшылар қатысты.

Балуандар боз кілемде әртүрлі салмақ дәрежелері бойынша өз шеберліктерін көрсетіп, сайыстың барысы қызықты да тартысты өтті. Әйтсе де, басымдылығы жоғары қаламқастықтар жеңіс тұғырынан көрінді.

Белдесуде талай рет мұнайшылардың абыройын асқақ етіп жүрген №1-ші мұнай және газ өндіру цехының операторы Манас Иманқұлов бұл жолы да жүлделі бірінші орынның және «Үздік әдіс» номинациясы бойынша арнайы сыйлықтың иегері атанды. Екінші орынды пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау-жөндеу цехының мұнайшысы



Айболат Сейітов иеленіп, ал үшінші орынды екі жүлдегер – №1-ші және 4-ші мұнай және газ өндіру цехының операторлары Нұрбек Томпиев пен Жасұлан Ұзақбаев өзара бөлісті.

Бәсі биік доданың жеңімпаздарына Қоғамның кубогы мен ақшалай сыйлықтар, мақтау қағаздары тапсырылып марапатталды.

# ҚОШ КЕЛДІҢ, ЖАҢА ЖЫЛ!

Желтоқсанның 27 күні Қаламқас кен орнында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы жас мамандар Кеңесінің ұйымдастыруымен жаңа жылдық мерекелік концерт өтті. Кеште М.Өскінбаев атындағы облыстық филармонияның Жоламан Көшкінов, Асанәлі Көшеров, Ақсұлу Құдабаева сияқты облысымызға танымал бір топ өнерпаз өз өнерлерін ортаға салып, өндірістік басқарма қызметкерлеріне мерекелік көңіл күй сыйлады. Кәсіби әртістермен қатар сахнаға кен орын қызметкерлерінен өкілдер көтерілді - Қайрат Қарабалаев пен Елдос Рамазан жиналған көпшілікті жаңа жылмен құттықтап, өнерлерімен тәнті етті. Бірі эстрадамен халық әндерін шырқаса, бірі қасиетті қара бомыраны тебірентіп, Адайдың жеті қайқысынан маржан төкті.

Екі сағатқа ұласқан концерттік бағдарлама Аяз ата мен Ақшақардың дайындаған ойындарымен, түрлі конкурстарымен әрленіп, бабымен шапқандарға да, бағы шапқандарға да «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің ұсынған сыйлықтары табыс етілді. Мереке тұсында тосын сыйға ие болған мұнайшылардың бірі Берік Нұғыманов қуанышын жасыра алмай «Концерт тамаша



ойластырылған, керемет өтіп жатыр, ойламаған жерден сыйлыққа ие болдық. Жаңа жыл алдында осындай көңіл күй сылағандары үшін мекеме басшылығына, жас мамандар Кеңесіне, облыстық филармония өнерпаздарына алғыс білдіремін! Жаңа жылдарыңыз құтты болсын, жақсылығымен келсін!», - деп жылы лебізін білдірді.

Осындай мерекелік шаралар «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы қызметкерлері мен орталық аппарат қызметкерлерінің назарына да ұсынылмақ. Берекелі мерекенің тұсында Компания қызметкерлері Аяз ата мен Ақшақардың әдемі әзіліне бөленіп, күміс көмей әншілер мен мың бұралған бишілердің өнеріне куә болатын болады.

# 2015 - ОҚИҒАЛАР, ДЕРЕКТЕР, ПІКІРЛЕР

**Міне, әр адамның жүрегіне жаңа үміттер мен болашаққа деген мол сенімді ұялататын, жаңа бақыт пен табыстарға жетелейтін 2016 Жаңа – мешін жылы да жақындап келеді. Әртүрлі жыл оқиғалары, жетістіктер мен келеңсіздіктер өткен жылдың еншісінде қалды. Мереке қарсаңында редакция алқасы өз оқырмандары мен жылдың жарқын оқиғаларымен бөлісуге шақырады.**

## ҚАҢТАР

Қаңтарда акционерлік қоғамның жас мамандар Кеңесінің ұйымдастыруымен «Мейірімді жүрек» акциясы өтті. Компания ұжымы өздерінен артылған киім-кешек, тұрмыстық техника мен күнделікті қолданыста сұранысқа ие бұйымдарын мұқтаж жандарға, мүжәлсіз отбасыларға көмек ретінде тапсырып, қайырымдылық танытты.

## АҚПАН



Ақпанның 26 жұлдызында аймақтағы жергілікті шаруагерлерді қолдау аясында «Маңғыстаумұнайгаз» және «Каспий» әлеуметтік кәсіпкерлік компаниясы» акционерлік қоғамдарының басшылығы 547 млн. теңге әріптестік меморандумға қол қойды. Екіжақты келісім нәтижесінде биыл мұнайшыларға облыстағы шаруа қожалықтарынан делдалдарсыз сүт және ет өнімдерімен бірге көкөністер де жеткізілді.

## НАУРЫЗ

Үстіміздегі жылы ұңғымалардағы көптеген ақаулары бар пайдалану бағандарына қосымша кіші диаметрлі бағандар түсіру жобасы іске қосылды. Кіші диаметрлі бағандарды түсіру жұмысының орташа шығындары бір ұңғымаға 40 957,312 мың теңге болды. Яғни жаңа ұңғыманың құрылысына қарағанда 3,5 есе аз шығын жұмсалып, жұмыстың шығыны – 143 852 990 мың теңгені құрады.

## СӘУІР



26 сәуір күні Қазақстанда кезектен тыс ҚР Президентінің сайлауы өтті, сайлауда Нұрсұлтан Назарбаев басымдылықпен жеңіске жетті. Сайлау қортындысы бойынша Компания ұжымының дауыс беру белсенділігі 99,3 пайызды құрады.

## МАМЫР

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай, Компания мереке қарсаңында жерлес ардагерлеріміздің үйлерін күрделі жөндеуден өткізіп, 12 млн. теңге қаржылай көмек берді. Сондай-ақ, жас мамандар Кеңесі акция ұйымдастырып, мұнайшылар қауымы майдангерлерге бір күндік еңбекақыларын аударды.



## МАУСЫМ

Осы айда Қоғамның бас офисінде Ситуациялық орталық ашылды. Жаңа жоба – өндірістік процестердің тиімділігін арттыруға, Компанияның кен орындарындағы проблемалық жағдайларды жылдам бақылауға арналған жоғары технологиялық бағдарламалар жүйесін қамтиды.



## ШІЛДЕ

Шілде айында Компанияда 2016-2020 жылдарға арналған шығындарды оңтайландыру бағдарламасының арнайы жобасы қолданысқа енгізілді. Жобаның мақсаты – ұйымдастыру және өндірістік-техникалық іс-шаралар кешенін жоспарлау мен жүзеге асыру арқылы тиімді оңтайландыру және шығындарды басқару жүйесін қалыптастыруға негізделген.

## ТАМЫЗ



Акционерлік қоғамда тамыз айында «Компания келешегі – білікті маман қолында» атты форумы өтті. Жиында өткен бір жылға қорыту жасалып, Кеңестің алдағы қызметінің бағыты туралы өзекті мәселелер қозғалды.

## ҚЫРКҮЙЕК



«ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясының» және Компания басшылығының тікелей демеушілігімен «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының 3-ші дәрежелі операторы Абдислан Наурызбаев Тайланд елінде өткен бәсекелі додаға қатысты. Өзге мемлекеттегі тәжірибе алмасу сайысынан жас мұнайшының бас жүлдемен оралуы – Қоғамның абыройын асқақтатты.

## ҚАЗАН

Компанияда активтер қаншалықты тиімді пайдаланылуда, әрбір жеке ұңғыманың мұнай өндіру тиімділігі қандай, сондай-ақ кен орынның өтімділік өрістері бойынша ақпараттарды жылдам алуға негізделген жоба – бөлектеп есептеуді енгізу іске қосылды. Бөлектеп есептеу – табыс пен шығын туралы есептік көрсеткіштен әрбір өндірістік активтің жан-жақты түсіндірмесін көрсетеді.

## ҚАРАША



25 қарашада Қоғам акционерлерінің қатысуымен ұжымдық жиналыс өтіп, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында басшылықтың жаңа тағайындаулары болды. Директорлар Кеңесінің шешімімен «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Бас директоры лауазымына Бақыт Алтайұлы Иманбаев және Бас директордың бірінші орынбасары қызметіне Сунь Синьюнь тағайындалды. Сонымен бірге, бас директордың 8 орынбасары мен департамент директорлары ауысу тәртібі бойынша өз орындарында қалатыны мәлім болды.

## ЖЕЛТОҚСАН

Жақында Асар кен орнына автоматтандырылған жүйедегі жаңа топтық қондырғы (ТҚ) пайдалануға берілді.18 ұңғыманың қызметін қамтитын жабдық тәулігіне 150 тонна мұнай шығарады. Биылғы жылы 2 млн 94 мың тоннаға дейін шикізат өндіру жоспарлаған «Жетібаймұнайгаз» өндірістік бірлестігі



16 мыңнан астам тоннаға жуық шикізат өнімін артығымен өндірді! Сондай-ақ, мұнай өндірудің тәуліктік деңгейі 6000 тоннадан асты!

***

«Жетібаймұнайгазда» автоматтандырылған ластанған топырақты залалсыздандыру қондырғысы іске қосылды. Кен орнында экологияны сақтауға негізделген құрылғы тәулігіне 32 тонна ластанған топырақ тазалайды. Пайдалануға берілген бір ай ішінде өңдеу қарқыны 400 тоннаға жетті.

# ҚАЛАМҚАСТАҒЫ ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕЛІ ЖОБА



**М. Мәтжанов, «Маңғыстауэнергомұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі газ-турбиналы электр стансасы өндірістік қызметінің бас инженері**

Өтіп бар жатқан 2015 жылды шығарып сала отырып, өндірістік алаңда инновациялық технологияны қолданысқа енгізу арқылы электр энергиясын өндіру тиімділігі мен үнемдеуге қол жеткізгенімізді айтуға болады.

Қаламқас кен орнындағы қосылғанына бір жыл болған жаңа газ-турбиналы құрылғы – табиғи газды аз мөлшерде жұмсауға және қаражатты үнемдеуге мүмкіндік беріп, өндіріс орнына жаңа леп әкелді. Жоба іске қосылғалы, «Қаламқас» кен орнын электр қуатымен үздіксіз қамтамасыз етіп, бір жылдың ішінде 250 млн.кВт.сағ. электр энергиясын өндірді. Сондай-ақ, пайдалануға берілген бір жыл ішінде кен орнындағы электр энергиясын сатып алу және тасымалдау құны 3 млрд. 274 млн. теңгеге үнемделді. Жобаның компанияға тиімді болғаны сол, қазіргі әлемде қалыптасқан экономикалық дағдарыс кезеңінде етек-жеңімізді қымтап, өз күшімізбен өндірістің мұқтажын шешудеміз.

Міне, бірер күннен кейін ескі жылды артқа тастап, 2016 Жаңа жылға қадам басқалы отырмыз. Келер жылы да жоғары нәтижелерін береді деген үкілі үмітіміз бар. Баршаңызды Жаңа жылмен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, бақ пен береке тілеймін!



# «ЗЕЛЕНЫЕ» ИНИЦИАТИВЫ ЖЕТЫБАЙСКИХ НЕФТЯНИКОВ

**Уходящий 2015 год стал для меня и для коллектива участка по уборке и очистке замазученного грунта одним из самых запоминающихся. Мы не на словах и на деле доказали, что применение самых высоких стандартов в области промышленной и экологической безопасности – является одним из важнейших приоритетов деятельности Акционерного Общества «Мангистаумунайгаз». Примером тому служит запущенная недавно в эксплуатацию новая установка по очистке замазученного грунта в производственном управлении «Жетыбаймунайгаз». Таким образом, мы говорим, что важно не только извлекать из кладовых природы ее запасы, но и сохранить для будущих поколений удивительную красоту и богатство края.**

Весь процесс полностью автоматизирован, участие человека сведено к минимуму: загрязненный грунт завозится на участок специальным транспортом, сортируется в бункеры, после идет термообработка. Применение новых технологий значительно упростило весь цикл работ…

По словам начальника УУОЗГ ПУ «Жетыбаймунайгаз» Акбергена Алдашева, установку по очистке замазученного грунта обслуживают всего три человека в одну смену – один оператор и два чистильщика. Для того чтобы весь процесс был беспрерывным, работы ведутся круглосуточно.

- Конечно в ручную, это сложный процесс, трудоемкий, - говорит оператор УУОЗГ Таскынбай Садаков. - А сейчас все просто и эффективно. Автоматика действует исправно. Это повышает объем и качество производства.



В Жетыбае и раньше уделяли большое внимание вопросам экологии, но подобная техника применяется впервые. С помощью уникальной установки выжигаются все вредные примеси, содержащиеся в замазученном грунте, полученный в результате очищенный песок, применяется при дорожных работах и не только.

Полученный после очистки грунт применяется при дорожно-строительных работах, более того нефтяники используют экологический чистый материал в качестве своеобразной подушки при прокладке стеклопластиковых труб.



**Начальник УУОЗГ ПУ «Жетыбаймунайгаз» А. Алдашев**

Сегодня в сутки обрабатывается 32 тонны замазученного грунта. А с момента пуска установки обработано свыше 400 тонн.

**Я надеюсь, что и в 2016 году наш небольшой коллектив продолжит успешно выполнять поставленные задачи. Экологические программы предприятия — это важная часть стратегии развития компании. АО «Мангистаумунайгаз» осознает свою ответственность перед обществом за сохранение благоприятной окружающей среды, рациональное использование природных ресурсов. Применение экологичных ресурсосберегающих технологий позволяет достигать поставленных целей и обеспечивать гармоничное развитие Компании с минимальной техногенной нагрузкой на окружающую среду.**

# В НОВЫЙ ГОД С НОВЫМИ ТЕХНОЛОГИЯМИ



**Директор Департамента новых технологий Р.М. Бимагамбетов**

Как известно успешное развитие промышленных предприятий зависит от целого ряда мероприятий, влияющих на экономию средств и увеличение производства продукции. Одним из таких мероприятий является - внедрение в производство новых технологий. В данном направлении нашей компанией предпринимается ряд мер. В том числе такое новшество, как применение технологии протекторно-анодной защиты резервуаров.

Еще в 2014-2015 годах на месторождениях проводились опытно-промышленные испытания протекторного анода. Целью опытно-промышленных испытаний было определение эффективности применения технологии протекторно-анодной защиты от коррозии днища и внутренней стенки резервуаров, увеличение срока эксплуатации резервуаров без ремонта, снижение затрат на их ремонт. При этом конструктивная особенность защитного блока протекторного анода несложная, устанавливается на днище и внутренней стенке резервуаров посредством электросварки. Критериями оценки протекторно-анодной защиты является максимальная защитная степень, которая достигает 95%, а также отсутствие явных признаков коррозии, то есть сквозных отверстий, хрупкости металла на внутренней стороне днища резервуара.

Предварительные результаты оказались обнадеживающими.

Так совпало, что наступающий Новый Год мы встретим с важным технологическим новшеством. В настоящее время в резервуарах месторождений Каламкас и Жетыбай устанавливаются 7 единиц защитных блоков протекторных анодов и работа в этом направлении будет продолжаться.



Пользуясь случаем, поздравляю всех своих коллег с наступающим Новым Годом! Желаю всем здоровья, счастья, любви, успехов в труде и личной жизни!

Пусть в новом 2016 году исполнятся Ваши мечты!

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

## ҚҰРМЕТТІ «ЖЕТІБАЙМҰНАЙГАЗ» ӨНДІРІСТІК БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҰЖЫМЫ!

2015 жылдың 29-шы желтоқсанында сағат 10:00-де Сідердің мұнай өндіру бойынша жылдық жоспарды орындағандарыңыз туралы жағымды жаңалықты зор қуанышпен қабылдадық! Мұнай өндірудің 2 094 182 тонна көлеміндегі нақты көрсеткіші Сіздердің ерен еңбектеріңіздің және жаңа биіктерді бағындыруға ұмтылыстарыңыздың жарқын көрсеткіші болып табылады!

Жетібай кенорнының ғұмырнамасы атақты есімдер, лайықты марапаттар және үлкен жеңістер жазылған жаңа парақтармен толықтырыла беретініне сенімдіміз.

Бүгінде мұнайгаз саласы ардагерлерінің еңбек эстафетасын жұмысшы даңқын арттырып жүрген жас буын өкілдерінің қолдан түсірмегені біздерді қуантады.

Құрметті әріптестер, Сіздерге шын жүрегімізден зор денсаулық, амандық, бақыт, сарқылмас жігер және Жаңа 2016 жылы жаңа еңбек жеңістеріне жете берулеріңізді тілейміз!

**Ізгі тілектермен,**

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы**

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

# Мерекелік құттықтау



«Маңғыстауэнергомұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры – Бегім Әбішұлы Қоғашев

Санаулы күндерден соң бүкіл еліміз тағы да бір жылды артқа тастап, жаңа 2016 жылға аяқ басқалы тұр. Өлкеміздің энергетикалық қуатын арттыруда сүбелі үлес қосып келе жатқан «Маңғыстауэнергомұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің биылғы еңбек көрсеткіштеріне көз жүгіртсек, ұжым мүшелері Серіктестіктің осы жылға белгілеген техникалық қызмет көрсету, жылдық, ағымдық жөндеу жұмыстары жоспарларын толығымен сапалы аяқтады.

Қазіргі таңдағы бүкіл әлемді жайлаған қаржылық пен экономикалық дағдарысқа қарамастан, серіктестік қызметкерлері еңбек ырғақтарын бір сәт те төмендетпей, жоспарлы әрбір қызметті жауапкершілікпен атқарып, өздерінің қажырлы еңбектері арқасында межелі көрсеткіштерге жетті. Жоғары көрсеткішті жұмыс қорытындыларының нәтижесінде мекеме жұмысшыларының әлеуметтік – материалды жағдайлары жақсарды, өндіріс тиімділігі артты, серіктестіктің ұжымдық шартының барлық тараптары толығымен орындалуда, қызметкерлерге жаңа бірыңғай еңбекақы жүйесі бойынша жалақы төленуде.

Мекеме қызметкерлерінің қажырлы еңбегі мен ырысты ынтымағы арқасында қол жеткізген әрбір істеріміз әрине өңіріміздің басты байлығын халық игілігіне айналдыруға қосқан үлестеріміз деп саналмақ.

Сонымен қатар осы жылдағы қол жеткізген өндірістік жетістіктеріміз Серіктестігіміздің 20 жылдық торқалы мерекесіне де арналады. Ұжым мүшелері жоспарлы техникалық қызмет көрсету, өндірістік нысандарды электрмен қамту жұмыстарын сапалы аяқтады.

**Құрметті ұжым қызметкерлері!** Баршаңызды кәсіби мерекеміз – Энергетиктер күнімен және келе жатқан жаңа жылмен құттықтаймын! Сонымен бірге «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы мен әріптестеріміз мердігерлік компания мүшелерін де жаңа 2016 жылмен құттықтаймын! Әрқайсыңыздың шаңырақтарыңызға береке, бастарыңызға амандық, қажырлы еңбектеріңізге жетістіктер тілеп, жаңа жылда басталар барлық істеріңіз бен бастамаларыңыз сәтті де, табысты болғай! Жаңа жыл барша елге тыныштық, баянды бақыт пен құт – береке ала келсін!

# ҚАЛАМҚАСТАҒЫ ҚҰРЫШТАЙ ҚАЙРАТТЫ ҚЫЗМЕТ

Жапан далаға жан бітіріп, ұйқыдағы аруды оятқан алғашқы мұнайшылар қауымы қатарында болған Қаламқас құрылыс-монтаждау қызметі «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрамындағы жетекші бөлімшелердің бірі. 8,16 гектар жерді алып жатқан Қаламқас құрылыс-монтаждау қызетінің базасында 4 жатақхана, 2 асхана, кіші футбол алаңы, спортзал, киім ауыстыру орны, ағаш өңдеу цехы, материалдық қойма, жұмыс ұйымдастырушылар кеңсесі, колер цехы, бетон араластырғыштар сақтау орны, бірнеше арнайы мамандандырылған қойма, өндіру қуаты сағатына 32 тонна асфальтбетон зауыты орналасқан.

Қаламқас құрылыс-монтаждау қызеті өз тарихында көптеген маңызды жобаларды жүзеге асырып, өз қызметтерін ұсынатын нарықты едәуір кеңейтті, онда белгілі бір белестерді иеленіп отыр деуге болады. Қазір қызмет көрсету аясы отандық серіктестерді кеңінен қамти бастады.

Бүгін әңгімеге арқау болып отырған осы қызметтің Монтаждау телімі үстіміздегі жылы 36 км шыныпластик құбырлары, мұнайгаз өндіру цехы ескі диаметрі 100 мм құбырлар, теңселме білдектер, қат қысымдарын қолдау цехы 95 атмосфера қысымға шыдайтын ұзындығы 18 км диаметрі 100 мм құбыр ауыстыру жұмыстарын атқарды. Қазір ұзындығы 6 км диаметрі 500 мм құбырды монтаждау жұмыстары аяқталып қалды. Орталық инженерлік-техникалық қызметтің тапсырмасы бойынша 5 км бұрғылау ерітінділерінің шығу жолындағы шыныпластик құбырлары ауыстырылды.

«Бұрғылаудан шыққан тығыздау ұңғымаларын жайластыру. YII, YII-A кезектері», «Қалақасмұнайгаз» өндірістік басқармасы цехтарына арналған себезгі қондырғылары», «10 газ өндіру ұңғымаларын жайластыру», «Сугазбен әсер ету нысандарын жайластыру», «Топтық қондырғыларды қайта құрылымдау», «Блокты топтық сорғы стансасы-3 және Блокты топтық сорғы стансасы-4 аумағындағы үш сорапты сүйеулі 5000 $м^3$ тік болат сұйыққойма», Қаражанбас «ТұлпарМұнайСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жатақханасы аумағында кіші футбол алаңы және спортзалының құрылысы, «OSC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бұрғылау қондырғыларының алаңқайларын және жылжыту трассасын салу бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары» және тағы басқа көптеген нысандар құрылысында Қаламқас құрылыс-монтаждау қызметі бастығы Берік Бекбаевтың жетекшілігімен үлкен ұжым қарымды еңбек етуде.

Жұмысшылардың міндеттерін жылдам ойластыра белгілеп, дұрыс шешім қабылдап отыратын, кәсіби біліктілігі мен іскерлік қабілеті шыңдалған қызмет бастығының орынбасарлары Шалқар Жаңбыршы, Евгений Чи-Ян-Чи нарық жағдайында жұмыс істей отырып және бәсекеге қабілеттілікті көтерудің қажет екенін ұғына отырып, көрсететін қызметтерінің сапасын әрдайым жақсартып отыруға үлкен мән береді.

Өндірістік үдерістерді сергектікпен шебер ұйымдастырып, үйлесімді жұмыс дағдыларын енгізіп отыратын монтаждау телімінің бастығы Ғабит Жүсіп, орынбасары Еркін Бисенбаев, жұмыс ұйымдастырушылар Досым Қойсариев пен Геннадий Харченко, шеберлер Асылбек Рахметұлы, Қантөре Қараубаевтардың еңбегі зор.

Ұжымда өндірістік тапсырмаларды мейлінше тез және дәйекті орындайтын көпке өнеге, ұжымға мақтан бола алатын сыртқы құбыр монтажшылары Таңат Сағынов, Жанақ Ербаев, Мұхтар Сисенов, Аслан Көбеков, Дәулеткерей Сейтов, Петро Патюков, Мұхтар Оразалиев, Мұрат Атшыбаев, Мұхит Арыстанов, Шынберген Көшекбаев, Асқар Мойнақ, Бердібек Жонасов, Олжас Нұржанов, Асхат Ерғазин, мұнара монтажшылары Дмитрий Тихомолов, Алексей Пафонов, пісірушілер Марат Өмірзақов, Атағозы Убиев, Мұрат Бисекешов, Тыныштық Сутенов көп жылдан бері толарсақтан саз кешіп, бар күшін сарқа адал еңбек етіп келеді.

Өз ісінің қыр-сырын бес саусағындай білетін жұмыс ұйымдастырушы Геннадий Харченко қарамағындағы қызметкерлердің алға қойған міндеттерді орындауға ұмтылысы өте жоғары екенін айта келіп: «Қаламқас кен орнында 2005 жылдан бері 100 мм-ден асатын үлкен диаметрлі шыныпластик құбырлар монтаждалуда. Бұл істің нағыз мамандары деп Петро Патюков басқаратын құрамында Өтеген Бекібаев, Марат Қобланов, Саламат Серікбаев еңбек ететін бригаданы есептеуге болады. Олар жұмысты жылдам және сапалы орындайды. Бүгін бұл бригада алдын ала су төгу қондырғысынан басталатын ұзындығы 5450 метр өстік коллекторды ауыстыру нысаны бойынша диаметрі 500x30 мм шыныпластик құбырды монтаждаумен айналысып жатыр. Оның бастапқы 2400 метрі гидравликалық сынақтан табысты өтті. Бұл құбырдың сапалы монтаждалғандығының белгісі. Бұл межеге жету - электргазбен пісіруші Айса Ізжановтың ерен еңбегінің де нәтижесі», - деп жігіттеріне деген риза көңілін жасырмады.

Кен орындарында жұмыс істеудегі тәжірибесі мол «ОСС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өндірісті жоспарлау, жобалау тобының аға инженері Григорий Яковлев: «Серіктестік Маңғыстауда шыныпластик зауыты ашылғаннан бері ынтымақтастықта қоян-қолтық жұмыс істеп, осы зауыт маркасын қолдап келеді. Мамандарды оқытып, осы құбырларды алғашқы рет Қаламқаста су қабаты жер бетіне жақын орналасқандықтан жер үстінде монтаждауды бастаған болатынбыз. Шыныпластик құбырлардың қызмет ету мерзімі 15-25 жыл, 95 атмосфералық қысымға шыдас береді, экологиялық жағынан қауіпсіз. Құбырларды сынақтан өткізген кезде дайындаушы-зауыттың өкілі міндетті түрде қатысады, біздің жекелеген тілектерімізбен ескертулерімізжұмыс үдерісінде түзетіле отырып, зерттеледі, талданады және ескеріледі.

Серіктестіктің сұранысы бойынша кезкелген градустағы бұрышпен, құбырды стандарттан өзгеше ұзындықта да дайындап беріп отырады. Сапа стандарттарын сақтай отырып, тапсырысты орындау мерзімін барынша қысқарту үшін осындай бірлестік жақсы жемісін беріп келеді. Ал біздің қызметкерлер облыс деңгейіндегі ең сұранысқа ие мамандар. Шыныпластик құбырларын пайдаланып отырған барлық кәсіпорын оқыс жағдай, қиыншылықтар туындаған кезде олардың көмегіне жүгінеді», - деген келелі ойымен бөлісті.

Құла дүзде еңбек еткен ер елдің бүгінгі ұлдарына келе жатқан жаңа Мешін жылы жақсылықтардың бастауы, тұрақтылықтың кепілі, қуаныштардың жаршысы болғай демекпіз. Мекеме мәртебесін өсіретін екпінді еңбектеріңізге еселі табыс, үй-іштеріңізге баянды бақыт, мол жан шуағы мен берекебірлік тілейміз!

**А.Есбосын,**
«Oil Construction Company» ЖШС



**«Oil Construction Company» ЖШС директоры – Ибрагим Әбілұлы Жақсымбетов**

## Құрметті серіктестер, ұжымдастар!

Алда келе жатқан 2016 – мешін жылы құтты болсын!

Мұнай кен орындарын жайластырумен айналысып келе жатқан біздің компания - туған өлкеміз ғана емес бүкіл еліміздің экономикасының дамуына сүбелі үлес қосып отырған Мұнайгаз кешені кәсіпорындарына ұдайы өзгеріп отыратын нарыққа бейімделе отырып, заман талабына сай қызмет етіп отырған кәсіпорын. Артта қалып бара жатқан жылдың ішінде компания мұнай-газ кәсіпорындарының нысандары мен ғимараттары құрылысы және қайта құрылымдау, жаңғыртуының күрделілігі әртүрлі 35-тен астам жобасын жүзеге асыруға қатысты. «Oil Construction Company» ЖШС қызметкерлерінің ерен еңбегі, қалыптасқан әлеуеті, құрылыс саласындағы зор тәжірибесі мен біліктілігі арқасында алға қойылған мақсаттарға қол жеткізіп, жылды табысты аяқтадық. Мақсатымыз да, ұстанған бағытымыз да бір, мүдделес компаниялар ынтымақтастық, өзара түсіністік пен іскери серіктестік жағдайында көп жылдан бері ұтымды еңбек етіп келеміз.

Баршаңыздың алдағы уақытта да өркениетті еліміздің өсіп, өркендеуі жолында жетістіктерге жете берулеріңізге тілектеспін. Жыл он екі ай айналып жеткенше күрт өзгеріп тұратын қазіргі экономикалық жағдайдың бәсекелестікке толы жолында бойларыңызға сарқылмас күш-қуат, еңбектеріңізге еселі табыс, отбасыларыңызға ортаймас бақ-ырыс тілеймін!



# СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ



## *Құрметті әріптестер!*

Сіздерді және өздеріңіз басқарып отырған ұжым жұмыскерлерін өзімнің және «Мұнайтелеком» ұжымы атынан келе жатқан Жаңа **2016 ж**ылмен кіршіксіз көңіл, ыстық ықыласпен құттықтаймын!

Жаңа жыл – қашанда әр адамның жүрегіне жаңа үміттер мен аппақ армандар ұялататын, ғажайып қиялдарға қол создыратын сүйікті мерекеміз. Барша адамзат бұл күні өткенді ой елегінен өткізіп, саралап, жаңа жылға таза ниетпен, болашаққа деген мол сеніммен, нық қадаммен аттағанды қалайды.

Біздің Серіктестігіміз де өткен 2015 жылдағы жасалған жұмыстарға қорытынды жасап, қол жеткізген табыстарымызды електен өткізіп, жұмыскерлердің әлеуметтік жағдайларындағы жақсаруға қуанып, алдағы 2016 жылдан да көп жақсылықтар күтеді.

Келер жылда Сіздердің де мекемелеріңіз өндірістік қызметтерде үлкен жетістіктерге жетіп, мемлекетіміздің экономикасын нығайту жолындағы еңбектеріңіз еренді болсын!

Отбасыларыңызға құт-береке, қызметіңізге өрлеу тілеймін. Денсаулығыңыз күйлі-қуатты, бақытыңыз баянды, көңіл-күйіңіз тамаша болсын. Алдағы жыл Сізді тек оң өзгерістерімен, ұмытылмас сәттерімен, қызықты кездесулерімен қуантсын!

Ортақ шаңырағымыздың жарқын келешегі үшін еңбектеніп жүрген барша қазақстандықтарымызға бейбіт өмір, мол жақсылық тілеймін.

Жаңа жылда Республикамыздың беделі арта түссін, егемендігіміз нығайсын және Қазақстан халқының хал-ахуалы жақсара түссін, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

**Игі тілекпен,**

**«Мұнайтелеком» ЖШС директоры**
**Құлқайыр Тәжіғұтұлы Аманбаев**

# Кен орындар байланысы – «Мұнайтелеком»!



Президентіміз «еліміздегі әлеуметтік жаңғырту саясатының негізіне шынайы өндірістік еңбекті қоюға тиістіміз, бүгінде еңбек жиырма бірінші ғасыр жағдайындағы шешуші ұлттық фактор ретінде, жаһандық бәсекелестік жағдайында алдыңғы кезекке ілгерілеуі тиіс» - деп атап айтты.

Қасиетті Маңғыстау түбегінен 1961 жылы алғаш рет қара алтын фонтаны атқылағаннан бері, көз тартсаң шегі жеткізбейтін осы маңғаз түбекте мұнай өндірісін игерудегі қызу жұмыстар басталып кеткен болатын. Ол әрине күрделі сала. Кен орындарында вахталық поселкелер пайда болды, көлік байланыстары, ауыр техникалар жеткізу тағысын тағы өндіріске қызмет көрсететін мекемелер ашылып, қызмет жасай бастады.

Міне сондай мекеменің бірі біздің – «Мұнайтелеком» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Ол әуелі сонау 1966 жылы Маңғыстаудағы «Мангышлакнефть» ең ірі мұнай мекемесінің «байланыс конторы» деп аталып, байланыс қызметтерін ғана көрсететін. Бір жылды артқа тастап бұйыртса, келесі 2016 жылы елу жылдық мерейтойын тойлағалы отырған «Мұнайтелеком» казірде мұнай компанияларына және оларға сервистік қызмет көрсетіп отырған мекемелерге тек байланыс қызметі ғана емес, сондай-ақ радиобайланыс, ғаламтор, автоматика, телемеханика, желілік теледидар, бейнебақылау , өрт қауіпсіздік дабылдамалары, өрт автоматикалық дабылдамалары секілді бірнешелеген қызметтер көрсетуде. Мекемеде үш жүздің үстінде жұмыскерлер бар, олар тоғыз цехқа бөлінген.

Ақтау қаласының 8 шағынауданындағы басты ғимаратта Мамандарды басқару аппараты орналасқан. Аппарат өндірістік басқарма, бөлімдер мен топтардан құралған. Мұндағы қызметкерлер өндірістік нысандардағы жұмыскерлерді жұмыс көлемдерімен, жұмыскердің жұмыс орнындағы жағдайларын жасаумен, еңбек қауіпсіздігін қорғау жұмыстарымен, еңбек ақы төлеу, оларға есеп жасаумен қамтамасыз етіп келеді. Аптаның әр дүйсенбісінде директордың басқаруымен өткізілетін жоспарлау жиналысында өткен аптадағы жұмыс қорытындыларына тоқталып, өндіріс барысындағы барлық мәселелер талқыланып, алдағы аптадағы атқарылатын жұмыстарға тапсырмалар беріліп отырады.

Жалпы «Мұнайтелеком» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2015 жылдың өткен он айы ішіндегі өндірістік бағдарламасы толығымен алғанда 108 пайызға орындалды, соның ішінде өлшеу құралдарын тексеруден өткізуде метрологиялық қызмет бойынша 129 пайызға, нысандардағы өрт қорғау және күзет дабылдамаларын техникалық қамтамасыз ету бойынша 107 пайызға, бейнебақылау бойынша 147 пайызға орындалды.

2015 жылдың он айы ішіндегі қаржы-шаруашылық жұмыстары бойынша мекемедегі кіріс 1 220 млн. теңге болды, яғни кіріс бойынша жоспар 101,2 пайызды құрады. Жоспардың артығымен орындалуы телефон орнату, ғаламтор жылдамдығының арттыру, сонымен қатар қабылданған жаңа нысандарға бейнебақылау орнату, оларға техникалық қызмет көрсету сияқты қосымша жұмыс көлемдеріне байланысты болды.

Серіктестікте «Мұнайтелеком» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жұмыскерлерінің локалдық Кәсіби Одағы» Қоғамдық Бірлестігі жұмыс істеп келеді. Жақында, қазан айында өткізілген қайтадан төраға сайлау жиналысында ұсынылған Өтегенов Каменнің кандидатурасын жұмыскерлер бірауыздан қолдап, оны кәсіподақ төрағасы етіп сайлады. Мекеме мен кәсіподақ арасында жасалған ұжымдық шарт бойынша жұмыскерлерге әлеуметтік төлемдер көрсетіліп отырады. Айта кетсек, жыл сайынғы еңбек демалысына сауықтандыру көмегі, 8 наурыз, Наурыз мерекелері, мерейтойларға, бала туылуы, бала күтіміне, жанұя мүшесінің қайтыс болуы, балалардың жазғы демалысына уақтылы төленіп келді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 50 қадам» атты бағдарламалық еңбегінде тұжырымды түрде тек еңбек қана әр адамға, әр шаңыраққа, әр ұжымға, елімізге құт-береке әкелетіндігін түсіндіріп берді. «Еңбек етпеген адам ішіп-жемге жарымайды, еңбектенген адам ішіп-жемнен арылмайды»,- деген дана халқымыз.

Өз тарапынан «Мұнайтелеком» жұмыскерлері де осы халық даналығын алға ұстап, еліміздің еңселі егемендігі мен теңдесіз тәуелсіздігін нығайту, көтеріле дамып келе жатқан экономикасын қолдау жолында үлестерін қосуда.

**«Мұнайтелеком» ЖШС**

## *Құрметті мұнайшылар, әріптестер!*



**«Oil Services Company» ЖШС директоры -**
**Бауыржан Өтеуліұлы Батырғалиев**

«Oil Services Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2015 жылы тапсырыс берушілердің, соның ішінде «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы тарапынан берілген жұмыстарды сапалы, межелі уақытында орындап, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді.

Ұжымымыз 2015 жылды елеулі еңбек жетістіктерімен шығарып салуда, ұңғыларды бұрғылау цехтары 2015 жылға жоспары 97 ұңғы бұрғылау болса, бүгінгі таңда 103 ұңғы бұрғылап, жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізіп отыр. Ұңғыларды күрделі жөндеу цехы 318 ұңғыны уақытынан бұрын жөндеп жыл аяғына дейін 422 ұңғыны күрделі жөндеуден өткізіп тапсырғалы отыр. Ұңғыларды жер асты жөндеу цехтары бойыншы бір жылғы жоспар 4502 ұңғыны жөндеу болса, 4506 ұңғы жөнделіп артығымен тапсырылып отыр. Бұл көрсеткіштерге қол жеткізуге қосалқы қызмет көрсететін цехтардың қызметкерлері мен жұмысшыларының үлестері зор.

Өтіп бара жатқан жыл жетістіктер мен жеңістерге толы жыл болды. Бұл біздің сөзіміз бен ісіміздің бір арнада тоғысқаны, ең бастысы бейбітшілік пен татулықтын арқасы деп білемін. Келер жыл берекелі бірлігімізді, үйлесімді тұрақтылығымызды, жарасымды татулығымызды асқақтатарына сенемін.

Серіктестігіміздің еңбек ұжымы Ел басы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Қазақстан халқына жолдауын бір ауыздан қабыл алып, жолдаудың болашақ қазақ елінің дамуы мен қазіргі уақытша қиындықтардан шығар жол екенін жақсы біледі. Осы уақытша қиындықты артқа тастап, мұнайшылардың күндіз – түні тапжылмай еңбек етуінің арқасында «Oil Services Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің алар биіктері, асар асулары әлі де көп болары сөзсіз.

Ардақты ағайын, «Отан - қуат, отбасы - шуақ» дейді қазақ халқы. Бәріміз еліміздің өркендеуіне зор үлесімізді қосып, шуағын шашқан бір отбасындай, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», бейбіт мемлекетіміздің көк байрағының биікке самғауына тілеулес болайық!

Келер жыл әрбір отбасына бақыт, табыс, бірлік, қуаныш әкелсін! Еліміз аман, іргеміз бүтін, жұртымыз тыныш болсын!

**Жаңа 2016 жыл құтты болсын!**

## *Құрметті достар, әріптестер!*



Сіздерді алда келе жатқан жаңа жылдарыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Біз әдетте, Жаңа жыл басталмас бұрын, ескі жылды қорытындылап, болашаққа жоспарлар құрамыз.

Өтіп бара жатқан 2015 жыл біздің серіктестік үшін оңай жыл болған жоқ. Біздің жұмыс ырғағымызға қазіргі бүкіләлемдік дағдарыстың өз әсерін тигізіп отырғанын жасырмай айтып өтуіміз керек. Мекеменің жұмыс көлемі 2014 жылға қарағанда 2015 жылы 36 пайызға азайды. Жұмыс көлемінің азаюы салдарынан бүгінгі таңда 213 адам күнделікті бос тұрыста болса, әкімшілік бақармасының қызметкерлері үстіміздегі жылдың 21 қазанынан бастап 7 сағаттық жұмыс күніне көшті. Келесі жылға жоғалтқан жұмыс көлемінің орнын толтыру мақсатында, өздігімізден жұмыс іздеп, басқа аймақтардан жұмыс көлемін қарастырудамыз. Қазіргі күні Серіктестіктің жоспарлы шығындары 9,8 млрд теңгені құрайды. Осы бағытта кездескен қиын мәселелерді «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясының қаржылай көмегімен шешу мүмкін болып отыр. Аталған қиыншылықтардың барлығына да қарамастан біз осы күнге шейін әлеуметтік төлемдердің барлығын төлеп, жалақыны ешқандай кешіктірген жоқпыз.

Мекемеде тұрақтылықтың, жұмыс орындарының сақталуына барлық күш-жігерімізді салудамыз. Бұл бағытта атқарылып жатқан қыруар жұмыстардың басында, бізді өз қанатының астына алып, қамқорлық көрсетіп отырған, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы тұр, сонымен қатар «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы және «АқтауНефтеСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрамына енгізілген серіктес мекемелермен ынтымақтасып еңбек етудің арқасында кез-келген қиындықты жеңеміз деген сеніміміз мол.

Жаңа жыл толағай табыстар әкеліп, халқымыз игілікке, мемлекетіміз молшылыққа, әр шаңырақ берекеге, бақыт пен шаттыққа кенеле берсін! Барлық игі бастамаларыңыз сәттілікке, жаңаша тәжірибеге, биік кәсіптік белестер мен асқар асуларға жетелесін!

**Ізгі тілекпен,**

**«Ойл Транспорт Корпорейшэн»**
**ЖШС директоры**
**Беккожа Көбешұлы Ахбелов**

# ЖАҢА ТӨРАҒА - ЖАҢА БАСТАМАЛАР!



Өтіп бара жатқан Қой жылының ақпан айында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы Заң қабылданған болатын. Осы заң негізінде «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамына қарасты мекемелерде мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен іске асырудың құқықтық негіздерін анықтайтын «Жастар саясаты» қабылданды. Аталмыш саясатты жүзеге асыру бағытындағы "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы жас мамандар Кеңесі үшін өткен жыл бұғанасын бекіткен кезең болды.

Жаңа Жылдың алдында "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы жас мамандар Кеңесінің жаңадан сайланған төрағасы «Қаламқасмұнайгаз» өндіріс басқармасының алдын-ала су айыру қондырғысында жөндеуші слесарь, «Жас тұлпар-2014» облыстық байқауының, «Ақтау қалалық жастар сыйлығының» жеңімпазы, 2014, 2015 жылғы компанияның «Үздік маманы» Шыңғыс Әбдіровті сұхбатқа шақырған болатынбыз.

**- Шыңғыс, алдымен өзіңді "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы жас мамандар Кеңесінің жаңа төрағасы қызметіне кірісуіңмен құттықтаймын. Кеше ғана қаз басып қалыптасып, бүгінде қанатын кеңге жайған Кеңестің жаңа төрағасын сайлау неден туындады?**

- Рахмет! Жас мамандар Кеңесінің бекітілген Ережесіне сай аталмыш Кеңестің төрағасы қайта сайлануы тиіс болатын. Осыған дейін Кеңесті құрып, сапалық деңгейге көтерген Бауыржан Ходжаевтың қызмет бабында жауапты лауазымға өтуіне байланысты Кеңес мүшелері жаңа сайлау өткізіп, осындай шешімге келгенін өзіме көрсетілген жауапкершілігі мол сенім деп қабылдаймын. Сәйкесінше, "Қаламқасмұнайгаз", "Жетібаймұнайгаз" өндірістік басқармаларында да жаңа жетекшілер тағайындалды. Жастардың жігерін сынауға жасалған қадам деп ойлаймын.

**- Компаниядағы Жастар саясатын жүзеге асыру үшін қандай оңтайлы бастамалар бар?**

- Жастар саясатында аталған 5 бағыт бойынша жұмыс жасаймыз. Яғни, жастардың кәсіби біліктілігін арттыру, рухани-мәдени потенциалын көтеру, инновациялық-өнертапқыштық бастамаларын ұштау, салауатты өмір салтын насихаттау және әлеуметтік тұрғыдан қолдау көрсету.

Жастар саясатын табысты іске асыру үшін жастар қатарын көбейтуге күш салудамыз. Өйткені бүгінде компанияда 1500 жас маман жұмыс жасайды. Бүгінгі таңда болашақта оңтайлы шешім қабылдай алатын, заманның кез келген сын-тегеуріне төтеп беретіндей, жаңа перспективалық жобаларды ұсынатын және компанияның мүддесі мен ел игілігі үшін бар қабілет-қарымын жұмсайтын біліктілігі жоғары басқарушыларды дайындауға үлкен мүмкіндік туып отыр. Әрбір жастар ұйымы – тәжірибеге толы мектеп. Жастарымызға шынығу керек,өсу керек. Компанияның жастар ұйымына осы «Маңғыстаумұнайгазда» еңбек ететін 33 жасқа дейінгі жастардың бәрі автоматты түрде мүше деп ойлаймын. Бізде мүшелік жарна жоқ. Сен егер осы компанияда жұмыс жасайсың ба, біздің жастар ұйымының мүшесісің деп есептейміз. Бүкіл «Маңғыстаумұнайгаздағы» жұмысшының 35 пайызын жастар құрайды десек, бұл ұйым үлкен күш. Себебі, біздің ұйым өзінің интелектуалдық және кәсіби мүмкіндігін сынаймын деген кез келген адамға шанс береді. Әлі де компанияның жастар саясаты жетіле береді деп есептеймін. Себебі, өмір бір орнында тұрмайды. Ал, туған Маңғыстауымыздың, өрісті компаниямыздың болашағы мұнайшы жастардың қолдарында.

**- Жастардың компаниядағы белсенділігін көтерудің нендей тиімді жолдары бар? Жастарды не толғандырады?**

- Айта кетерім, әлемдік дағдарысқа қарамастан келесі жылы жоспарлаған жобаларымызды жүзеге асыруға жұмыстанамыз. Жастар саясатын жүзеге асыру үшін оған жұмсалатын қаржыны ылғи бірінші фактор қыла берудің қажеті жоқ деп ойлаймын. Себебі, біздегі ең басты инвестиция – жастардың идеясы, бірлігіміз, жастық қайратымыз.

Облыс көлеміндегі жастар ұйымдарымен қоян-қолтық араласып, тәжірибе алмасып түрлі шараларымызды бірлесе отырып өткізсек деген ойымыз бар. Жас мамандар Кеңесінің бекітілген Ережесіне сай, алдағы уақытта үш комитет құрылады. Жұртшылықпен байланыс комитеті, спорт комитеті және инновациялық технологиялар (өндірісті жаңашаландыру) комитеті. Бұның барлығы Кеңестің жұмысын жандандыруға, жастардың қызығушылығын оятудың тиімді тәсілі.

**- Шыңғыс, сұхбатыңызға рахмет! Компания жастарының алар асулары мен бағындырар биіктері көп болсын!**

ЖАННАТ КЕМАЛ

# Уважаемые коллеги!



Поздравляю Вас с наступающим Новым 2016 годом! От всей души хочу пожелать Вам здоровья, счастья, семейного благополучия, стабильности, успехов во всех начинаниях…

Пусть для Вас этот год окажется судьбоносным, пусть он сделает Вас по-настоящему счастливыми, подарит любовь и исполнит все мечты!

В уходящем 2015 году из-за травмы я, к сожалению, не смогла принять участие в Чемпионате Республики Казахстан и Чемпионате Азии. Тем не менее, чтобы не потерять форму я продолжала ежедневно тренироваться.

Зато весьма насыщенным минувший год оказался в трудовой деятельности. В 2015 году я принимала участие в инновационном проекте по запуску Ситуационного центра GPS – мониторинга транспортных средств, главной целью которого является обеспечение оперативности при контроле в режиме on-line за передвижением спецтехники, легкового транспорта и автобусов, используемых во всех производственных циклах – бурение, перевозка персонала, охрана месторождения, эксплуатация скважин на месторождениях АО «ММГ» и г.Актау, контроль за местонахождением автотранспорта, фиксирование нарушений, фиксирование показателей различных датчиков, контроль за прохождением плановых технических осмотров, контроль отчетных показателей, а также обеспечение информацией, необходимой для эффективного управления состоянием транспортных средств и расхода ГСМ.

В следующем году я собираюсь в очередной раз выступить на Чемпионате Республике Казахстан в марте 2016 года в Шымкенте и порадовать Вас новыми успехами на спортивном поприще, а также попробовать свои силы на Чемпионате Азии в сентябре 2016 года в одной из азиатских стран….

Подготовка к предстоящим чемпионатам уже началась, практически все свободное время я посвящаю тренировкам.

Каким бы ни был трудным путь к победе, я знаю, что добьюсь своей цели…Вам также желаю каждому достичь своей цели, быть на вершине успеха!

***Исхакова Светлана,***
***руководитель группы ГИС ДАИТиС ,***
***Чемпионка Казахстана по пауэрлифтингу и многократная Чемпионка РК по жиму штанги,***
***Мастер спорта, серебряный призер Чемпионата Мира по жиму штанги-2013,***
***серебряный призер Чемпионата Азии-2012 по жиму штанги, казахстанская рекордсменка по пауэрлифтингу***



**Айбек Жұрымбаев:**
**37-ші Республикалық жас музыканттар байқауының жүлдегері.**

Мен үшін өткен 2015 жыл мұнайшы кәсібімен жүріп, қолымнан қалып бара жатқандай болып көрінетін күйшілік дарынымды жаныған жыл болғаны үшін есімде қалатын шығар, сірә!

Алғашында жастардың бастары біріге қалса қаумаласып, компаниядағы барлық шаралардың басы-қасында жүретін. Сырттай көріп қызығатынмын. Бертін келе, өзім де осы шығармашылық топтың қатарына қосылсам деген ниет шындыққа айналды. Болашаққа деген толағай табысы, арманы мен мақсаты бір жалынды жастар мені әп-сәтте үйіріп әкетті. Жатырқаған жоқ, жатсынған жоқ. Өндірісте жүріп өліп бара жатқан өнерімді қайта қолға алдым. Жастармен жүріп ел көрдік, мерейлі мерекелерде домбырамды асынып халқымның алдына қайта шықтым. Осының өзі мен үшін үлкен жетістік деп білемін.

Қазір жас мамандар Кеңесінің құрамында болғаныма аз уақыт өтсе де бәріміз бір үйдің балаларындай бауыр басып кеттік. Күн санап қатарымыз жаңа жастармен, жаңа әріптестермен толығып,толысып келеді. Компания мен ел игілігі үшін жасалып жатқан барлық жұмыстар - Кеңестегі әрбір жастың тыңғылықты еңбегі, үздіксіз ізденімпаздығы.

Мен барлық әріптестерімдді келе жатқан Жаңа Жылмен құттықтай отырып, мешін жылында жастардың жұлдызы жанып, көз көріп көңіл сүйсінетін, аты алыстан естілетін танымал ұжым болатынына сенім білдіремін.



**Манас Иманқұлов,**
**Қазақша күрестен Қазақстан чемпионы**
**Самбодан әлем кубогының қола жүлдегері:**

Қазақ халқы сонау ықылым замандардан бері палуандарын белдестіріп, ауылдың, аймағының намысын сынға салған. Күні бүгінге дейін мәртебесі төмендемей, ұлттық болмысымыздың айнасына айналған көкпар тарту, асық ату, тоғыз құмалақ, бәйге, қазақша күрес арқылы ата-бабаларымыздың ұрпағын күштілікке, батырлыққа, жүректілікке баулуға қаншалықты мән бергендігі көрініп-ақ тұр. «Тәні саудың жаны сау» демей ме?

Осы ұстаным біздің компанияның да қызметінен айқын байқалады. Кешегі Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне орай қазақша күрестен өткізілген сайыс соның бірден бір дәлелі. Компания басшылығының қызметкерлерінің денсаулығына деген алаңдаушылығының, ұлттық спортқа деген құрметінің көрсеткіші. Осы орайда, өз атымнан және қашан да спортқа бір табан жақын жүретін мұнайшылар атынан ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін!

Құрметті әріптестер, баршаңызды алда келе жатырған жаңа 2016 жылмен шын жүрегімнен құттықтаймын! Дендеріңізге саулық, отбасарыңа бақыт, кәсіптеріңе берекет тілеймін!




Мұнайлы Өлке
Меншік иесі:
“Маңғыстаумұнайгаз” АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Ғ.Әбдісадық, А.Мұханова, Ж.Кемалова, С.Ғалидуллин, Е.Қонақбаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 215-267, 211-230 212-194, 211-938.

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.

Индексі: 64265
Таралымы: 4500

“CASPIY PRINT” ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 22 ш/а. тел: 750750 Тапсырыс: 3480